

«Гүлдер» жекеменшік балабақшасы



Тәрбиешілердің әдеп нормаларын сақтауын талдау

(ішкі бақылау қорытындысы)

Әдеп кеңесінің төрайымы: Асылбаева Н.М

2026 жыл, қаңтар.

Педагогикалық әдеп кеңесі бойынша ішкі бақылау анықтамасы

Тақырыбы: Тәрбиешілердің педагогикалық әдеп нормаларын сақтауын жан-жақты талдау

1. Бақылаудың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби қызметінде педагогикалық әдеп нормаларын сақтау деңгейін анықтау, педагогикалық такт пен кәсіби этиканың орындалуын талдау, педагог пен бала арасындағы өзара қарым-қатынастың сапасын бағалау.

Міндеттері:

- тәрбиешілердің балалармен қарым-қатынастағы әдептілік деңгейін зерделеу;
- педагогикалық тактіні сақтау дағдыларын анықтау;
- бала құқығының сақталуын бақылау;
- жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға бағытталған жұмысын бағалау;
- педагогтардың ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас мәдениетін талдау.

2. Бақылау мерзімі мен нысаны

Бақылау мерзімі:

(қаңтар, 2026 жыл)

Бақылау нысаны:

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің оқу-тәрбие процесі барысындағы іс-әрекеті.

Бақылау субъектілері:

Барлық топ тәрбиешілері.

Бақылау әдістері:

- тікелей бақылау;
- сабақтарға және режимдік сәттерге қатысу;
- әңгімелесу;
- құжаттарды талдау;
- ата-аналар пікірін зерделеу (сауалнама, әңгіме).

3. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтауын талдау

Бақылау барысында тәрбиешілердің педагогикалық әдеп нормаларын сақтау

деңгейі келесі көрсеткіштер бойынша қарастырылды:

3.1 Балалармен қарым-қатынас мәдениеті

Тәрбиешілердің басым көпшілігі балалармен қарым-қатынаста сыпайылық пен сабырлылықты сақтайды. Баланың жеке тұлғасын құрметтеу, оның пікірін тындау, эмоционалдық қолдау көрсету байқалды. Балаларға дөрекі сөз қолдану, кемсіту, қорқыту әрекеттері анықталған жоқ.

3.2 Педагогикалық такт пен кәсіби этика

Тәрбиешілер педагогикалық тактіні сақтай отырып, баланың жас ерекшелігін ескереді. Қиын мінез-құлықты балалармен жұмыс барысында түсіндіру, бағыттау, ынталандыру әдістері қолданылуда. Алайда кейбір жағдайда дауыс ырғағын бақылау, эмоциялық күйді басқару дағдыларын жетілдіру қажеттілігі байқалды.

3.3 Психологиялық қауіпсіз орта қалыптастыру

Топтарда балалар үшін жағымды, қауіпсіз және сенімді орта қалыптастырылған. Тәрбиешілер балалардың өздерін еркін сезінуіне, қорқынышсыз қарым-қатынас жасауына жағдай жасайды.

3.4 Ата-аналармен қарым-қатынас әдебі

Ата-аналармен байланыс орнату барысында тәрбиешілер әдептілік пен кәсібилікті сақтайды. Кеңес беру, ақпарат алмасу мәдениетті түрде жүзеге асырылады. Дегенмен, кейбір тәрбиешілерге кері байланыс беру формаларын әртараптандыру ұсынылады.

3.5 Әріптестер арасындағы кәсіби қарым-қатынас

Педагогикалық ұжымда өзара сыйластық сақталған. Тәрбиешілер ұжымдық жұмыстарға белсенді қатысады, кәсіби этика нормаларын бұзу фактілері тіркелмеген.

4. Анықталған мәселелер

- кейбір тәрбиешілерде эмоциялық өзін-өзі реттеу дағдылары жеткіліксіз;
- сөйлеу мәдениетін жетілдіру қажеттілігі.

5. Қорытынды

Жалпы алғанда, тәрбиешілердің педагогикалық әдеп нормаларын сақтау деңгейі жақсы деп бағаланады. Оқу-тәрбие процесінде баланың жеке тұлғасын құрметтеу қағидалары сақталған, педагогикалық этика талаптары орындалуда.

6. Ұсыныстар

1. Педагогикалық әдеп және кәсіби этика тақырыбында семинар-тренингтер ұйымдастыру.
2. Эмоциялық күйді басқару бойынша практикалық сабақтар өткізу.
3. Тәрбиешілер арасында жағдаяттық тапсырмалар арқылы тәжірибе алмасу.
4. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша тұрақты ішкі мониторинг жүргізу.